



СІЗДІҢ ӨМІРІҢІЗДЕГІ КӘСІПОДАҚТЫҢ РӨЛІ

КӘСІПОДАҚ

Кәсіподақ - өндірістегі қызмет түрі бойынша ортақ мүдделі адамдардың ерікті қоғамдық бірлестігі.



МАҚСАТЫ:

- құқық және әлеуметтік-экономикалық мүдделерді қорғау мен өкілдік ету;
- қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту



МҰНЫ БІЛУ МАҢЫЗДЫ:

Қазақстан Республикасындағы кәсіподақтар заңмен қорғалады және Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Кәсіптік одақтар туралы" Заңға және өзге де НҚА-ге негізделеді.

Кәсіподақ құруға кедергі жасауға, оның қызметіне қарсы іс-қимыл жасауға, сондай-ақ оның істеріне заңсыз араласуға жол берілмейді.

Кәсіподақтар өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан, жұмыс берушілер мен олардың бірлестіктерінен тәуелсіз, олардың бақылауында болмайды және ОЛАРҒА ЕСЕП БЕРМЕЙДІ.



КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚЫЗМЕТКЕР ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

- ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖҮЙЕСІН әзірлеуге қатысады және оның өсуіне қол жеткізуге көмектеседі
- Заңсыз жұмыстан шығарудан ҚОРҒАЙДЫ, тегін заңгерлік көмек көрсетеді (кеңес беруден қызметкердің мүддесін сотта қорғауға дейін)
- еңбекті қорғауға және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге қатысады, оны жақсартуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда денсаулыққа келтірілген зиянды өтеуге көмектеседі.
- Жұмыс берушімен келіссөздер жүргізу және Ұжымдық шарт жасасу кезінде, оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру кезінде ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАЙДЫ



- өмірлік қиын жағдайда МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ
- корпоративтік мәдениетті дамытуға ықпал етеді
- кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасы мүшелерін сауықтырумен айналысады
- Кәсіподақ білімін тарату бағдарламасы аясында ТЕГІН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ
- ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНА, өндірістік және кәсіподақ жұмысындағы белсенділігі үшін моральдық және материалдық игіліктер алуына жағдай жасайды

КӘСІПОДАҚТЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІ ҮШІН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



КӘСІПОДАҚ-СІЗДІҢ СЕРІКТЕСІҢІЗ :

- ✓ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша жұмыста;
- ✓ - ұжымдық шарттар мен келісімдер жасау бойынша жұмыста



КӘСІПОДАҚ МҮДДЕСІ:

- ✓ ұйымның экономикалық тұрақтылығында;
- ✓ - нарықтық қатынастар жағдайында ұйымның бәсекеге қабілеттілігінде



БІРНЕШЕ СҰРАҚҚА ЖАУАП БЕРІҢІЗ:

- . Сіздің қолыңызда жазбаша еңбек шарты бар ма?
- . Еңбекақы мөлшері Сізді қанағаттандырады ма?
- . Сізге есеп айырысу парақтары беріле ме?
- . Еңбек демалысына қосымша төлемдер бар ма?
- . Сіз еңбекке жарамсыздық парағы төлемінің мөлшерімен келісесіз бе?
- . Сіздің ұйымыңызда ұжымдық шарт бар ма?
- . Сіз жұмыс берушімен түсініспеушілік туындаған кезде қалай дұрыс әрекет ету керектігін білесіз бе?
- . Сіз шындыққа жалғыз қол жеткізе аласыз ба?

Егер Сіз кем дегенде бір сұраққа
"жоқ" деп жауап берсеңіз, онда...

**СІЗГЕ БІЗДІҢ КӘСІПОДАҚҚА
КІРЕТІН КЕЗ КЕЛДІ!**





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

БІЗДІҢ КӘСІПОДАҚҚА жүгінген
денсаулық сақтау саласының
әрбір қызметкерінің мүддесі
мен заңды құқықтарын қорғау





Біздің бірінші кезектегі міндеттеріміз



ТАЖИБАЙ Б.А.
ҚДСҚСК Төрағасы

1. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау
2. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыруды қадағалау
3. Денсаулық сақтау қызметкерлері үшін лайықты жалақыға қол жеткізу
4. Кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау



ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ



біздің бастамамыз бойынша зейнеткерлік жастағы және мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтары туралы ҚР Еңбек кодексіне өзгерістер енгізілді;




денсаулық сақтау қызметкерлерінің құқықтарының бұзылуына жол бермеуге тырысамыз;



жұмыс берушілерден қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру рәсімін іске асыруды талап етеміз;



тегін заңгерлік кеңесті жүзеге асырамыз, қажет болған жағдайда сотта қорғауды ұйымдастырамыз. Медицина қызметкерлерін қылмыстық қудалау кезінде кәсіби адвокаттық қорғау жобасы іске қосылды





ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ



Еңбек институтының зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары үшін төлемдерді азайту жөніндегі бастамасын тоқтата тұруға қол жеткіздік;



Еңбек қауіпсіздігі, салалық біліктілік шеңбері, еңбекті нормалау мәселелері бойынша заңгерлік кеңесті жүзеге асырамыз;



Еңбек және демалыс режимінің сақталуын қадағалаймыз



«Жарақаттанбау» және «Кәсіби аурулардың алдын алу» тәжірибелерін насихаттаймыз



Жұмыс орындарында ҚТ мен ЕҚ қоғамдық бақылауды жүзеге асырамыз





ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛАҚЫ



ХЕҰ №131 конвенциясын ратификациялау, еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін әзірлеудегі өз позицияларымызды талап етеміз;



Жалақыны арттыру мәселелері бойынша ҚР Парламентімен және Үкіметпен өзара іс-қимыл жасаймыз.



Жалақыны арттырудың құқықтық негізі ҚР ДСМ, Кәсіподақ және ҰДСП арасындағы салалық келісімі болып табылады;



Медициналық оқу орындарының студенттері үшін кәсіподақтың шәкіртақысын бөліп, жастарды қолдаймыз;



Мұқтаж кәсіподақ мүшелеріне (қиын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларға) материалдық қолдау көрсетеміз.



ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ



Салалық келісімнің орындалуына мониторинг жүргізіп, медицина қызметкерлерінің 30 күндік негізгі демалысының сақталып, сауықтыруға жәрдемақы алуын қадағалау;



Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын, санаторлық-курорттық емделуін, оның ішінде өз шипажайымыз "Денсаулық"-та ұйымдастыруға көмек көрсетеміз;



Салауатты өмір салтын насихаттаймыз, дене шынықтыру және спортпен айналысуға көмектесеміз, спартакиадалар ұйымдастырамыз

2020 жылдың 13
қаңтарында ҚР ДСМ,
Кәсіподақ және ҰДСП
арасында саладағы
әлеуметтік әріптестіктің
негізгі құқықтық актісі
болып табылатын
САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ
қол қойылды



Бұл сала қызметкерлерінің
ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУГЕ
құқықтық негіз болды

ӘРЕКЕТ

НӘТИЖЕ

Кәсіподақтың ҚР Парламенті Мәжілісімен және ҚР Қаржы министрлігімен өзара іс-шаралары



ҚР Үкіметінің Қаулысына өзгерістер енгізуге қол жеткіздік, соның негізінде қызметкерлердің жалақысы өсті:

- балалар үйлеріндегі;
- сан-эпид қызметіндегі;
- лепрозорийлердегі;
- Алматы обл. психиатриялық клиникадағы

Өзара әрекеттесу:

- ҚР Әділет министрлігімен;
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен;
- ҚР Білім және ғылым министрлігімен;
- ҚР Ішкі істер министрлігімен;
- ҚР Қорғаныс министрлігімен;
- ҚР ұлттық
- гвардиясымен



Осы салалардағы медицина қызметкерлерінің жалақысы өседі деп күтілуде, бұл олардың құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Алдын ала жасалған келісімдер бойынша 2021 жылдың басынан бастап жалақы 2 еседен астам өсуі керек.

САЛА БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРЫ дайындалды



Бұл денсаулық сақтау
қызметкерлерінің
құқықтарын заң бойынша
қорғауға мүмкіндік берді



Мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылған іс-шаралар (2020ж)



медициналық ұйымдар арасында вирустардан қорғауға толық кепілдік беретін 1000 бетті толық жабатын маскалар таратылды

20 млн.тг.



гуманитарлық көмек түрінде шет елдерден ауруханаларға арналған құралдар мен медициналық бұйымдар жеткізілді

12 млн.тг.



қорғаныш маска-экрандары, сондай-ақ халаттар, костюмдер, антисептиктер, кварц шамдары, бір реттік маскалар, қашықтық термометрлер, қолғаптар және т. б. сатып алынды және таратылды

8 млн.тг.



елімізде шектеу шаралары кезеңінде жұмыс істеген медицина қызметкерлері үшін 13 млн.теңгеден астам сомаға жалдап тұру, ыстық тамақ және тасымалдау ұйымдастырылды

13 млн.тг.



көп балалы, аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек ұйымдастырылды

69 млн.тг.



қосымша жалпы көмек көрсетілді

10 млн.тг.



МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТОПТАРЫНА ҚАТЫСУ:

- ✓ ҚР ДСМ Алқасы;
- ✓ ҚР ДСМ Қоғамдық кеңесі;
- ✓ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қоғамдық кеңесі;
- ✓ ӘМСҚ Қоғамдық-Консультативтік кеңесі;
- ✓ Үкіметпен Бас келісімді дайындау жөніндегі жұмыс тобы;
- ✓ Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыс тобы.
- ✓ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік Кодексті әзірлеу бойынша жұмыс тобы.
- ✓ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өндірістегі жазатайым оқиғалар бойынша жұмыс тобы.
- ✓ "Ең төменгі жалақы туралы" ХЕҰ №131 Конвенциясын ратификациялауды алға тартатын "ҮНТҮМАҚ" үйлестіру кеңесі»
- ✓ Пандемияның денсаулық сақтау жүйесіне және медицина қызметкерлеріне әсерін халықаралық ұйыммен бірлесіп зерттеу

Республикалық деңгейдегі әлеуметтік серіктестік



КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ





СПОРТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР





КӘСІПОДАҚТЫҚ ОҚЫТУ



**КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІ МЕН
ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫН
САУЫҚТЫРУ**



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ, МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОЛДАУ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНА МҮШЕЛІК



ӨРКЕНДЕУІМІЗДІҢ НЕГІЗІ – БІЗДІҢ ИГІ ІСТЕРІМІЗДЕ!



НАШЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ В НАШИХ БЛАГИХ ДЕЛАХ!

САЛАДА КӘСІПОДАҚТАР КӨП, БІРАҚ БІЗ:

-  Өзінің бай тарихын, тәжірибелі және жас білікті мамандардың әлеуетін табысты үйлестірген Қазақстандағы алғашқы медицина қызметкерлерінің кәсіподағымыз;
-  Медицина қызметкерлері мен халықтың әл-ауқатына қол жеткізу бойынша іс-қимылдар жүргізуді өзіміздің құндылығымыз деп санаймыз;
-  Өзінің қаржылық көрсеткіштерін интернет кеңістікте ашық жариялайтын жалғыз кәсіподақпыз;
-  Өзінің сауықтыру орталығы бар жалғыз кәсіподақпыз;
-  Ынтымақтастық пен әділеттіліктің қағидаттарын бұзатын, миллиондаған соманы төлеу туралы күмәнді уәделер беру арқылы жеке тұлғаларға пара беруге Кәсіподақ ретінде қарсымыз.

БІЗДІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облыстық
филиалы 8(7152)46-32-19

Қостанай облыстық
филиалы 8(7142)54-12-04

Ақмола облыстық
филиалы 8(7162)51-36-81

Батыс Қазақстан
облыстық филиалы
8(7112)51-41-17

Павлодар облыстық
филиалы 8(7182)62-23-90

Ақтөбе облыстық
филиалы 8(7132)54-39-69

Нұр-Сұлтан қ. филиалы
8(7172)25-49-31

Атырау облыстық
филиалы 8(7122)32-40-05

Шығыс Қазақстан
облыстық филиалы
8(7232)25-49-04

ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ
АППАРАТЫ 8(7172)25-78-22

Қарағанды
облыстық филиалы
8(7212)99-64-14

Маңғыстау облыстық
филиалы 8(7292)54-52-25

Талдықорған филиалы
8(7282)24-24-63

Қызылорда облыстық
филиалы 8(707)620-78-37

Жамбыл облыстық
филиалы 8(7262)43-09-53

Алматы филиалы
8(727)267-03-85

Шымкент филиалы
8(7252)27-38-56